

Газ жарылысының зардаптарын жоюға қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 586

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резервтік қорынан Семей облысының әкіміне Семей қаласындағы тұрғын үйдегі газ жарылысының зардаптарын жоюға 25 (жиырма бес) млн. теңге бөлінсін, оның ішінде:

зардап шегушілер үшін пәтерлер сатып алуға 17 (он жеті) млн. теңге;

жоғалтқан мүліктерінің орнын толтыру үшін зардап шеккендерге материалдық көмек көрсетуге 8 (сегіз) млн. теңге.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 8 ақпандағы N 62 өкімінің 1-тармағындағы "175 (жүз жетпіс бес) млн, теңге" деген сөздер "170 (жүз жетпіс) млн, теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 24 шілдедегі N 354 өкімінде:

екінші абзацтағы "165 (жүз алпыс бес) млн, теңге" деген сөздер "145 (жүз қырық бес) млн, теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "123 (жүз жиырма үш) млн, теңге" деген сөздер "103 (жүз үш) млн, теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3. Семей облысының әкімі 1993 жылдың қорытындысы бойынша орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне баяндасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің жанындағы Қаржы-бақылау комитеті бөлінген қаражатты нысаналы пайдалануға бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр